

**«Самұрық бөбекжай балабақшасы»
Меңгеруші жанындағы кеңес
№1 Хаттама**

Өтілген күні: 29.09.2023 жыл.

Қатысқандар: 6

Күн тәртібі:

1. Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру.
2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы.
3. Жұмыс уақытысыменен сабақ кестесін құру.
4. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу.

Тыңдалды : 1 – мәселе бойынша балабақша меңгерушісі құжаттардың жүйелілігін, реттілігін тексергендігін айтып өтті. Яғни, балабақша тәрбиешілерінің және қызметкерлерінің өздеріне тиісті журнал, іс – қағаздарының, күнделікті сабақ жоспарларының, айлық, жылдық жоспарларының, тәрбиеленушілердің жеке іс - құжаттарын жүйелігін айтты.

2 – мәселе бойынша шаршуашылық меңгерушісі : Жаңа оқу жылының басталуына байланысты балабақшамызда үлкен жұмыстар жүргізілді. Әр топтың тазалығы, мүліктерінің сапалылығы, ыдыс, төсек орныдарының жайлылығын ретке келтірдік. Алдымен топтағы жиһаздардың құрамы, орналасуы, бүтіндігі қаралады. Ыдыс – аяқтың толықтығы, сынғандары болса ауыстырылды. Жатын бөлменің жабдықтарын түгендеп, ол бөлменің жарық, жылы болуын қадағаладық. Сабақ өтетін парталарға жарықтың түсуіне, гүлдердің көп болуына үлкен мән бердік. Балалардың ән мен дене, би сабақтарына баратын бөлмелердің де жағдайлары толық қарастырылды. Сондай – ақ ас мәзірінің сапасы, әрі уақытылы берілуін қатаң бақылау жұмыстары жүргізілгендігін айтты.

3 – мәселе бойынша балабақша әдіскері Топтардағы тәрбиешілердің сабақ кестесін, жұмыс уақытын белгілеп бекіттік. Тәрбиешілер қолдарына бекітілген сабақ кестелері бойынша жұмыстарын жүргізеді. Тәрбиешілер күнделікті берілген тапсырманы уақытысында орындайды. Жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарап, уақытысымен келеді.

4 – мәселе бойынша «Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысы жүргізілді», - деді балабақша меңгерушісі. Балаларға қажетті оқу құралдары түгелденді. Әр топ балалардың денсаулығы, оқуға қабілеттері бақыланды. «Балапан» тобының балаларының сабаққа деген қызығушылықтары жақсы. Барлығы қалам ұстай алады. Оқу құралдарын дұрыс қолдана алады. Сауат ашу оқу іс – әрекеті бойынша балалардың білім деңгейлері анықталды.

Қаулы етті: 1. Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру балабақша меңгерушісіне жүктелсін.

2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы балабақша шаруашылығы бөлімінің басшысы жүктелсін.

3. Жұмыс уақытысыменен сабақ кестесін құру құрылды және оқу құжаттардың жүргізілуіне балабақша әдіскері жауапты болып табылсын.


4. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу нәтижесі қанағаттанарлық болып табылды.

Кеңес төрайымы:



Д.Сейткасимова

Хатшы:



Ф.Намазбаева

**«Самұрық бөбекжай балабақшасы»
Меңгеруші жанындағы кеңес
№2 Хаттама**

Өтілген күні: 27.01.2024 жыл.

Қатысқандар: 6

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің қортындысы туралы
3. Қорытынды тексеру. Жарты жылдық есеп
4. Түрлі мәселелер.

Тыңдалды: 1-мәселе бойынша. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы туралы Д.Сейткасимова сөз сөйледі: «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін ойын арқылы дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс- әрекет кезіндегі тілдік қарым- қатынаста қолдана білуге жаттықтыру. Зерттеу болжамы: Мектеп жасына дейінгі балаларда ойын әдісі тәрбиелеу және оқытудың басты нәтижелі құралы болып табылады, сондықтан да оларды жетік зерттеп игеру арқылы ғана, балаларда тәрбие мен оқыту жұмысының нәтижелілігіне жетуге болады. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Бүгінде бала тәрбиесіне баса көңіл аударылуда. Десек те баланың тілінің дамуы қазіргі кезеңде алаңдатарлық мәселе екені бәрімізге аян. Әдеби шығармалар, ертегі тыңдап өспеген бала компьютерлер мен ұялы телефондардан бас көтермей жатады. Осыдан да баланың тілдік қоры аз, байланыстырып сөйлеуге бейімделмеген, ортаға бейімделуі нашар ұялшақ қасиеттер басым келеді. Осындай кемшіліктерді байқай келе баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, тілдерін дамытып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуін ойын әдісі арқылы іске асыруға тырыстым.»

2-мәселе бойынша: Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің қортындысы туралы Ф.Намазбаева сөз сөйледі: «Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерін өткізу алғашқы кезеңде балалардың ерекшеліктерімен, мінезқұлықтарымен, қызығушылықтарымен таныса келе балалардың сөйлеу тілін, сөзді байланыстыруын бақыладым. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге дайындықтар жасалды. Ата-аналармен бірлесе отырып ойындарға қажетті материалдар жинақталды, анкеталық жұмыстар жүргіздім. Балаларға ойынның әр түрінен жеке түсініктер берілді. Сабақта және сабақтан тыс кезеңдерде балаларға оларды қызықтыратын және ерекшеліктеріне сай келетін ойын түрлері таңдап алынды.

3-мәселе бойынша: Қортынды тексеру. Тәрбиешілер жатты жылдық есептерін, жарты жыл бойы жасаған жұмыстарын оқып, қорғап берді.

4-мәселе бойынша: Түрлі мәселелер бойынша топ тәрбиешілері атааналарға өздерінің кеңесін ұсынды. «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша топтардың учаскесіне гүл, ағаш көшеттері отырғызылуы жөнінде ұсыныстар айтты. Балалардың тазалығына денсаулығына көңіл-күйіне баса назар аударып қадағалауын түсіндірді.

Қаулы етті:


1. Өткен кенесінің шешімдерінің орындалуы тәрбиешілерге жүктелсін.
2. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің қортындысын талқылау Д.Сейткасимоваға жүктелсін.
3. Қортынды тексеру. Жарты жылдық есептерді тексеру бөбекжай меңгерушісі Д. Сейткасимоваға жүктелсін.
4. Түрлі мәселелер бойынша тәрбиешілер пікірлерін талқылау бөбекжай меңгерушісі Д. Сейткасимоваға жүктелсін.

Кеңес төрайымы:



Д.Сейткасимова

Хатшы:



Ф.Намазбаева

«Самұрық бөбекжай балабақшасы»
Меңгеруші жанындағы кеңес
№3 Хаттама

Өткізілген күні: 18.02.2024 жыл.

Қатысқандар:6

Күн тәртібінде:

1.«Педагог-мәртебесі туралы» заңын түсіндіру жұмыстары туралы түсіндіру.

Тыңдалды: күн тәртібіндегі мәселе бойынша «Педагог-мәртебесі туралы» заңын түсіндіру жұмыстары туралы түсіндіру үшін бөбекжай меңгерушісі сөзге шықты. Ол өз сөзінде «Бұл туралы бүгін Үкімет отырысында «Педагог мәртебесі туралы» заң жобасын таныстырған ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов айтты. Министрдің атап өтуінше, заң жобаларын дайындау барысында педагогикалық қызметті реттеудің халықаралық тәжірибесі ескерілді. Атап айтқанда бірқатар шет елдің заңдары, ЮНЕСКО-ның мұғалімдердің жағдайы туралы ұсыныстары қарастырылды. «Педагог мәртебесі туралы» заң жобасы 19-баптан тұрады. Ал қосымша заң жобасы 192-бапты қамтиды. Жалпы заң жобасы ауқымды 5 бағыттан тұрады. Атап айтқанда, материалдық және материалдық емес ынталандыру, әлеуметтік кепілдіктер, ұстаздардың құқықтарын кеңейту, мұғалімдердің жүктемесін азайту. “Материалдық емес ынталандыруға келер болсақ, олар мұғалімдердің жүктемесін төмендету, ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау кепілдігі, мұғалімдердің балаларына балабақшаға бірінші кезекте орын беру, Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы мемлекеттік наградасын беру, тағы басқа да материалдық емес ынталандырулар қарастырылған». Ұстаздарға қандай қосымша ақы төленеді «Педагог мәртебесі туралы» заң жобасында ұстаздарға бірнеше қосымша ақы төлеу қарастырылған. «Негізгі материалдық ынталандыруға келер болсақ, оның ішінде. Сонымен қатар заң жобасында барлық педагогтер үшін демалыс уақытын 56 күнге дейін ұлғайту қарастырылды. Магистр дәрежесі үшін және тәлімгер болғаны үшін қосымша ақы төлеу және тағы да басқа шаралар қарастырылып отыр. Ең бастысы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 4 жылдың ішінде жалақыны 2 есе өсіру бойынша мәселе қарастырылды». Министрдің айтуынша, жоғарыда аталған бірқатар нормаларды іске асыру аясында қосымша заң жобасы әзірленді. Аталған заң жобасымен үш кодекске, 15 заңға толықтырулар мен өзгертулер енгізіледі. «Аталған заң нормалары мұғалімдерге келесідей мүмкіндік беретін болады: 212 мыңнан астам қызметкердің біліктілік санаты үшін айлық жалақыдан 30- дан 50 пайызға дейінгі мөлшерде қосымша ақы алуына мүмкіндік беріледі. 7 мың қызметкердің магистр дәрежесі үшін 10 АЕК мөлшерінде қосымша ақы алуына мүмкіндік жасалады. 18 мың қызметкердің тәлімгерлігі үшін 1 базалық лауазымдық мөлшерінде қосымша ақы алуына мүмкіндік беріледі деп күтілуде. Және де 100 мыңнан астам

педагогтер қосымша 14 күн жазғы демалыс алып, енді 56 күн демалатын болады». Мұғалім қызметіне қойылатын талап күшейеді Педагог мәртебесі арттыру арқылы мұғалімнің қызметіне қойылатын талаптар да күшеймек. Сондықтан заң жобасына сәйкес, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап университет түлектері педагог біліктілігіне сәйкестігін растайтын болады. «Сонымен қатар қолданыстағы шектеулерден басқа психикалық және мінезқұлықтық ауытқуы бар, әрекетке жарамсыздығына байланысты дәрігердің бақылауында тұрған адамдарды педагог қызметімен айналысуға тыйым салынады». Оның атап өтуінше, мұнан бөлек қосымша заң жобасында жетім балалар мен ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру бойынша коммерциялық емес ұйымдарды енгізу, Президенттің құзіреттілігінен ұлттық жоғары оқу орындарының ректорларын тағайындау жөніндегі өкілеттіктерді Үкіметке беру және басқа да шаралар көзделді. Мұғалімдерді артық жұмысқа тартқандарға 120 АЕК айыппұл салынады «Педагогтың жүктемесін қысқарту бойынша жеке нормалар көзделген. Бұл орайда, мұғалімнің кәсіби фракциясына кірмейтін міндеттерді жүктеуге, шамадан тыс есеп беруге, негізсіз тексерулер жүргізуге тыйым салынатын болады. Құқық бұзушылық субъектісіне байланысты мұғалімдерді өзіне тән емес функцияларға және артық есеп беруге тартқаны үшін 20-дан 120 АЕК-ке дейін айыппұл салу заң жобасында қарастырылған». Мұғалімдердің балаларына балабақша кезексіз беріледі Жалпы заң жобасы материалдық және материалдық емес ынталандыру, әлеуметтік кепілдіктер, ұстаздардың құқықтарын кеңейту, мұғалімдердің жүктемесін азайту талаптарынан тұрады.


Қаулы етті: «Педагог-мәртебесі туралы» заңын түсіндіру жұмыстары туралы түсіндіру бөбекжай меңгерушісі Д. Сейткасимоваға жүктелсін.

Кеңес төрайымы:



Д.Сейткасимова

Хатшы:



Ф.Намазбаева

**«Самұрық бөбекжай балабақшасы»
Меңгеруші жанындағы кеңес
№4 Хаттама**

Өтілген күні: 05.04.2024 жыл.

Қатысқандар:6

Күн тәртібінде:

1. Өткен кенестің шешімдерінің орындалуы.
2. Сегізінші наурыз,
Наурыз мерекелерін қортындысы туралы.
3. «Жігіт сұлтаны», «Қыз сыны» байқаулардың қортындысы туралы
4. Түрлі мәселелер.

Тыңдалды: 1-мәселе бойынша. Өткен кенесінің шешімдерінің орындалуы туралы Д.Сейткасимова сөз сөйледі: «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін ойын арқылы дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс- әрекет кезіндегі тілдік қарым- қатынаста қолдана білуге жаттықтыру. : Ойын түрлерінің барлық түрінде тілдік қолданыстарды: тақпақтар, әндер, сөйлемдер қолданылып отырса бала қызыға қайталап, тілдік қоры молайып, жалпы сөйлеу тілі дамиды.

2-мәселе бойынша. Сегізінші наурыз, Наурыз мерекелерін қортындысы туралы тәрбиеші Ж.Бакиева сөз сөйледі. 8-наурыз аналар мерекесіне орай топтарда «Апатайым анашым» тақырыбында іс-шара өткізілді. 22-наурыз «Ұлыстың ұлы күні» мерекесі қарсаңында топтарда «Ұлыс оң болсын» тақырыбында ертеңгілік өткізілді. Бұл мерекеде балалар ата- дәстүр салты бойынша «Тұсау кесу» рәсімін орындады. Кішкентай бүлдіршін Абылай Ерсұлтан тұсауы кесілді.

3-мәселе бойынша. «Жігіт сұлтаны», «Қыз сыны» байқаулардың қортындысы туралы Ф.Намазбаева байқаудың міндеттерімен кезеңдерін, шарттарын түсіндіргенін, талапқа сай болғанын айтып өтті.

4-мәселе бойынша. Түрлі мәселелер бойынша тәрбиешілер өз пікірлерін айтты.

Қаулы етті:


1. Өткен кенеснің шешімдерінің орындалуы бөбекжай тәрбиешілеріне жүктелсін.

2. Сегізінші наурыз, Наурыз мерекелерін қортындысы туралы бөбекжай меңгерушісі Д.Сейткасимоваға жүктелсін.

3. «Жігіт сұлтаны», «Қыз сыны» байқаулардың қортындысы туралы бөбекжай меңгерушісі Д. Сейткасимоваға жүктелсін.

4. Түрлі мәселелер бойынша бөбекжай меңгерушісі Д. Сейткасимоваға жүктелсін.

Кеңес төрайымы:
Хатшы:



Д.Сейткасимова
Ф.Намазбаева

**«Самұрық бөбекжай балабақшасы»
Меңгеруші жанындағы кеңес
№5 Хаттама**

Өткізген күні: 20.05.2024 жыл

Қатысқаны: 6

Күн тәртібі:

1. Балалар білімін бақылау қорытынды мониторингі.
2. «Қош бол, балабақша!» ертеңгілігін өткізу.
3. «Күл бүлдіршін, күліп жүр» балалар күніне арналған мерекеліктің іс-шаралар жоспарымен танысу, бекіту.
4. Ағымдағы бақылау: «Балабақшадағы санитарлық ережелердің сақталуы».

1-ші мәселе бойынша Ж.Бакиева Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі бойынша білім беру салаларын мониторингтеу. Әрбір жас тобында балалардың жетістіктерін объективті қадағалауға, мектепке дейінгі жастағы баланы тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілді қамтамасыз етуге, педагогтердің түзету іс-шаралары негізінде білім беру процесін жетілдіруге және баланың білім беру салаларының әрқайсысының мазмұнын және жалпы үлгілік бағдарламаны меңгеру деңгейін айқындауға мүмкіндік беретін мониторинг (қорытынды) жүргізілді. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын қадағалау бойынша аралық мониторингтің жиынтық есебінің нәтижелері бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы: үшінші (жоғары) деңгейде - 14%, екінші (орта) - 68%, бірінші (төмен) деңгейде - 18% Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып: Жұмыстың одан арғы кезеңіне арналған міндеттер МЖМБС талаптарына сәйкес әр білім беру саласы бойынша балалардың құзыреттілігін дамытуға ықпал етуді жалғастыру. Білім беру салаларына сәйкес 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың дамуына қойылатын талаптарды ескеру; • жұмыстың тиімділігін талдау мақсатында МЖМБС қарастырылған индикаторлар жүйесін пайдалана отырып, балалардың құзыреттілігін дамыту диагностикасының әдістерін енгізуді жалғастыру; • әр баланың құзыреттілігін дамыту деңгейін диагностикалау арқылы педагогтер қызметінің тиімділігіне мониторинг жүргізу. Балалармен жұмысты ұйымдастыруда әр баланың жеке дамуының білім беру траекториясының өсу динамикасын қамтамасыз ете отырып, тәрбие мен оқыту процесін дараландыруды қамтамасыз ету.

2-ші мәселе бойынша. «Қош бол, балабақша!» ертеңгілігін өткізу. Балалардың мерекелік көңіл-күйін қалыптастыру. Балабақша, мектеп туралы өлең шумақтар, әндер айтқызу арқылы балалардың тілдерін дамыту. Көріністер арқылы мектепке дайындығын тексеру. Балалардың бір жылда

алған білімдерін тиянақтау. Оқуға деген қызығушылығын арттыру. Балабақшамен қоштасқалы тұрған бүлдіршіндерге сәт сапар тілейміз.

3-ші мәселе бойынша «Күл бүлдіршін,күліп жүр» балалар күніне арналған мерекеліктің іс-шаралар жоспарымен таныстырды. Балаларды қорғау дегеніміз-әрбір сәбидің тыныштығын қорғау,тәтті ұйқысын бұзбау,алаңсыз күлкісін тоқтатпау деген сөз. Бұлтсыз күн,ашық аспандай ,нұрын шашқан күн сәулесіндей біздің балаларымыз бейбіт өмір сүрсе екен,олардың жүректерін қайғы мұң шалмаса екен! Іс шара жоспары бекітуге ұсылды.

4-ші мәселе бойынша медебике «Балабақшадағы санитарлық ережелердің сақталуы» туралы мәлімдеме жасады. Балабақшадағы балаларға арналған күн режимін бақылау, уақытылы серуендеу, таза ауада болу, уақытылы ас ішу, тынығу, оқу іс-әректтерінің мерзімімен өтілуін қадағалауда тұр. Топтардың санитарлық жағдайына бақылау жүргізу, мезгілімен топтарды кварцтау, желдету, күнделікті жұмыстың жүргізілуде.

Шешімі:

1. Балалар білімін бақылау қорытынды мониторингі қанағаттанарлық деп танылсын.

2.«Қош бол, балабақша!» ертеңгілігі карантин талаптарын сақтай отырып өткізілсін.

3.«Күл бүлдіршін,күліп жүр» балалар күніне арналған мерекеліктің ісшаралар жоспары бекітілді.

4.Ағымдағы бақылау: «Балабақшадағы санитарлық ережелердің сақталуы» жұмыстар әрі қарай жандандырылсын.Қадағалау медбикеге жүктелсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:

Сейт
Намазбаева

Д.Сейткасимова
Ф.Намазбаева